Большое значение Хадида Ихсановна придает воспитанию молодежи в духе преемственности поколений, проводит встречи с ветеранами, знакомит студентов с богатой историей и традициями факультета.

Хадида Ихсановна пользуется огромным уважением за чуткость и внимательное отношение к коллегам, и трепетное отношение к молодежи. Для этого человека характерны такие важные качества, как неистощимая жизненная энергия, способность сохранять



бодрость духа и хорошее настроение при любых обстоятельствах.

Она не только прекрасный педагог и ученый, но и отличная хозяйка, супруга, мама и бабушка, умеющая создать атмосферу уют и комфорта для своих домочадцев.

Как сказал великий русский писатель Лев Толстой: «Призвание учителя есть призвание высокое и благородное. Не тот учитель, кто получает воспитание и образование учителя, а тот, у кого есть внутренняя уверенность в том, что он есть, должен быть и не может быть иным...» Именно внутренняя уверенность и жизненные принципы Хамиды Ихсановны позволили добиться ей высоких результатов на избранном ею профессиональном поприще. Глубокие знания, эрудиция, трудолюбие, обаяние, широкий круг интересов и талантов – основа многогранной и разносторонней жизни этого человека.

От имени кафедры Всеирной истории и социально-политических дисциплин и факультета истории, экономики и права выражаем Вам огромную признательность за все что Вы сделали и делаете для кафедры, факультета и университета. Желаем Вам здоровья, бодрости и жизненных сил для решения многочисленных задач, которые стоят перед Вами. Уверены, что непрерывная цепь этих задач будет и впредь вести Вас в будущее.

Г.Н.ЕСЕЕВА,

старший преподаватель кафедры ВИ и СПД

«Үздік махамбеттанушы»

Тіл айлығына орай 20 қыркүйек күні 1-2 курс студенттері арасында аға оқытушы, магистр Тұрғаналиева Ганмиркүн Ганмирханқызының жетекшілігімен қазақ филологиясы факультетінің студенттері, Н.Ә.Назарбаев атындағы арнаулы шәкіртақы иегерлері Жұмабаева Ақсана мен Сагидуллаева Сандуғаштың ұйымдастыруымен «Үздік махамбеттанушы» атты танымдық кеш өтті.

Еліміздің Тәуелсіздігіне 25 жыл, қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға келер жылы 85 жыл толуына орай және де мемлекеттік тіліміз қазақ тілінің мәртебесіне арнап тіл айлығы аясында ұйымдастырылған «Үздік махамбеттанушы» сайысы төрт кезеңнен тұрды: Бәйге. «Жеті жұмбақ». «Тіл-өнер». «Ой түйю».

Кеште филология ғылымдарының кандидаты, доцент, филология факультетінің деканы Мүтиев З.Ж. сөз сөйлеп, көрермендерді тіл мерекесімен құттықтай отырып, қатысушыларымызға сәттілік тіледі. Сайыста филология ғылымдарының кандидаты, доцент, филология факультетінің деканы Мүтиев З.Ж., аға оқытушы, магистр Тұрғаналиева Г.Г., қазақ филологиясы факультетінің студенттік деканы Нұржанова Р. қазылық етсе, Н.Ә.Назарбаев атындағы арнаулы шәкіртақы иегері Жұмабаева А.Ф. кеш тізгінін ұстады.

Сайысқа Қасымбеков Әзірет(ҚТӨ-11), Махсұтова Гүлзат(ҚТОМҚТӨ), Қасымова Назерке(Фил-13), Төлен Айгүл(Фил-11), Қаржаубаева Назерке(ҚТӨ-11), Қаленова Назерке(ҚТӨ-13), Құдайберген Гүлайым(ҚТӨ-23) қатысып, сайыс нәтижесі бойынша өзінің таным түсінігімен, білімпаздығымен, алғырлығымен Төлен Айгүл үздік ойын үлгісін көрсетіп, «Үздік махамбеттанушы» атанды.



«Тазша бала» сайысы

Тіл айлығына орай 19 қыркүйек күні 1-2 курс студенттері(ұлдар) арасында аға оқытушы, магистр Тұрғаналиева Ганмиркүн Ганмирханқызының жетекшілігімен қазақ филологиясы факультетінің студенттері, Н.Ә.Назарбаев атындағы арнаулы шәкіртақы иегерлері Жұмабаева Ақсана мен Сагидуллаева Сандуғаштың ұйымдастыруымен «Тазша бала» байқауы өтті.



Тәуелсіз ел болып іргемізді бекітіп, шаңырағымызды көтергенімізге 25 жыл, қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға келер жылы 85 жыл толуына орай және де мемлекеттік тіліміз қазақ тілінің мәртебесіне арнап тіл айлығы аясында ұйымдастырылған «Тазша бала» сайысы төрт кезеңнен тұрды: Таныстыру. «Сөз сойыл». «Тазшаға тоғыз өнер де аз». «Мағынасы майысқан

мақалдар». Кеште филология ғылымдарының кандидаты, доцент, филология факультетінің деканы Мүтиев З.Ж. сөз сөйлеп, көрермендерді тіл мерекесімен құттықтай отырып, қатысушыларымызға сәттілік тіледі. Жігіттерімізге қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Раманова А.А., аға оқытушы, магистр Тұрғаналиева Г.Г., қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, Ph доктор Сұлтанязова И.С. әділ төрелік жасап, нағыз «Тазша баланы» анықтауда қазылық етсе, филология: қазақ тілі мамандығының студенттері Зайнуллин Ақжол мен Жаңұзақов Мейрман кеш тізгінін ұстады.

Бұл сайыста еліміздің сенім артар күші де, найзасының ұшы да болар Сайын Айдархан(ҚТӨ-11), Орынғалиев Мейрамбек(Фил-13), Қабашев Бержан(Фил-11), Жұмагелді Талант(Фил-21), Аманжолов Ержан(Фил-11), Қожағұлов Мақсат(ҚТӨ-23) сынды батыр ұлдарымыз өздерін өр қырынан көрсете білді. Жігіттеріміздің жеміне шүйліккен бала қырандай алымына, сөзден нөсер төгер шалымына қарасақ, жүзктің көзінен өткендей, мынау қалайы жоқ, әйтсе де сайыс болғандықтан «кіл мықтыдан кім мықты» деп Орынғалиев Мейрамбек өзгелерден оқ бойы озық шығып, «Тазша бала» атанды. Ал Жұмагелді Талант II орын иеленсе, Аманжолов Ержан сайыс қорытындысы бойынша III орынға жайғасты.

Осындай нәтиже көрсеткішімен сайыс қорытындыланып, жүлдегерлерге ынталандыру сыйлықтары табыс етіліп, кешті Олжабай Аманбектің орындауындағы «Ұлы дала» әнімен аяқтады.

Жеңімпаз атанған Орынғалиев Мейрамбек облыстық «Тазша бала» сайысында III орын иеленді.

А.Ф. ЖҰМАБАЕВА,

Н.Ә.Назарбаев атындағы арнаулы шәкіртақы иегері, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті

2016 жылдың 27 қыркүйегінде БҚМУ орталық мұражайында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің түлегі, филология ғылымдарының докторы, 2013 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, Хасанов Ғабит Қайыржанұлымен «Ұстаз- ұлы есім» атты кездесу кеші болып өтті. Кешке шақырулы қонақтар, магистранттар мен студенттер қатысты.

Ғибраты мол кездесу

Кездесу кешін «Вокалдық өнер» мамандығының 1-курс студенті Татаханова Назерке жүргізіп отырды.

Ұстаз-ақылдың, үлкен ұстамдылықтың, мейірімділіктің, биік адамгершілік көзқарастың иесі. Егер ер адамның жүрегінде ізгілік сәулесі болса, ол- ұстаздың еңбегі. Дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат атандырғаннан артық абырой мен құрмет жоқ шығар, сірә?!

Бүкіл ғұмырын ақиқат пен жалғанды, өміршындығын табуға арнайтын адамдар болады. Ол адамдар – ғалымдар дей келе, Хасанов Ғабит Қайыржанұлының өмірбаяны және еңбек жолымен қысқаша таныстырып өтті. Жүргізуші:

Ұстаз болу –жүректің батылдығы.

Ұстаз болу - сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы-деген өлең шумағымен өрнектесе, «Вокалдық өнер» мамандығының 2-курс студенті Шакиров Арматтың орындауында «Ұстазым» әні шырқалды.

Келесі сөз кезегі қазақ филология кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Раманова Айгүл Абибуллақызына беріліп, ғалым-ұстаздың енегелі өмірі дәріптелді.

Ұстаз деген- ұлағаттың шайыры,

Қадірінің тиетұғын қайыры.

Ұстаз деген- шуағы мол шапағат,

Шаршамайтын, шалдықпайтын, тәйірі-деген өлең шумағы мен Абай атамыз: «Адамның адамшылдығы- жақсы ұстаздан болады». Ұстаз - ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие және адамгершілік рухта бағыт беруде оның еңбегі зор. Сондықтан ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленіп, шоқтығы биік тұғардан орын алады деген ой өрімдерімен тәрбие жұмысы бөлімінің жетекшісі Альфия Сырымғожақызы Жақсығалиеваға сөз кезегі берілді. Тәрбие жетекшісі ғалымның ғибратқа толы өмірінен үлгі алуға шақырды.

Жүргізуші:

Айта берсек ұстазға тіл жетпеген,

Кімге ұстаз білім нәрін төкпеген,

Айтыңдаршы, адам бар ма өмірде,

Ұстаздарға қарыздар боп өтпеген?!- деп, сөз кезегін осы



кешті ұйымдастырушы, университет мұражай меңгерушісі Меңсұлу Қайыршақызына берді. Кештің ұйытқысы болған мұражай меңгерушісі келген қонақтарға, белсенділік танытқан студенттерге ризашылығын білдіріп, болмысы мен бітімі үлгі болар ұстаздардың көбейе беруіне тілектестік білдірді.

Кешке қатысушылар шәкірттерінің көкірек көзін ашып, дүниетанымын кеңейтіп, қияға қанат қақтыратын ұстаздың еңбегі өлшеусіз. Ұстаздарымызды ерекше пір тұтып, қадірлей білейік деген ниетте тарқасты.

М.К.ЕСИКЕНОВА,
мұражай меңгерушісі

Тәрбие бөлімінің жаңалықтары

23 қыркүйек күні ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Е.Тарасенконың, Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының төрағасы Р.Сәрсембаеваның және Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры Д.Некөтаеваның қатысуымен облыстық іскер әйелдер қауымдастығының отырысы өтті.

Басқосуға БҚО іскер әйелдер қауымдастығының, облыстық саясаткер әйелдер клубының мүшелері, қалалық және облыстық мәслихаттағы нәзік жанды депутаттар қатысты. Жиын барысында Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының төрағасы Раушан Сәрсембаева қауымдастықтың және саясаткер әйелдер клубының жұмыс бағытына тоқталды. Сонымен қатар өңіріміздегі іскер әйелдер қауымдастығы мүшелерінің бірауыздан қолдауымен қалалық мәслихат депутаты Ләззат Рысбекова БҚО бойынша іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы болып бекітілді. ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Елена Тарасенко мен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры Динара Некөтаева қауымдастықтың жұмысы бұдан әрі

Кімді алып қарасақта, кез-келген адам өзінің өмір сүріп отырған ортасымен жатқан ортасының таза болғанын қалайды «Тазалық - денсаулы кепілі» деген ұстанымды бәріміз білеміз. Сонымен қатар студент жастардың арасында еңбек тәрбиесін қалыптастыруға байланысты ағымдағы жылдың 24 қыркүйек күні сенбілік ұйымдастырылды.

Университеттің алты факультетінің кураторлары мен студенттері, 400-ге жуық адам сенбілікке белсенді қатысып, университеттің аумағын абаттандырды, тазалық жұмыстарын жүргізді. Университеттің белсенді жастары «Жасыл ел» жасақтарының сарбаздары, 100 студент, облыс көлеміндегі сенбілікке белсенді қатысып, облыс әкімдігі тарапынан ұйымдастырылған сенбілік акциясына БҚМУ жастарының үлесін қосты.



Ағымдағы жылдың 24 қыркүйек күні Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2016 жылы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауын «Қазақстан Жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформа, даму» насихаттауға байланысты №3 жатақхана студенттері арасында шағын футболдан жарыс өткізілді.

Жарыстың мақсаты - студенттердің бос уақытын ұйымдастыру, салауатты ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу. Жарысқа 6 команда қатысты, атап айтсақ: «Жігер», «Барыс», «Арлан», «Батырлар», «Намыс», «Қыран». Жарыс ұрпақтар сабақтастығының көрінісі болды, аға буын, үлкен курстың студенттері, 1-курс студенттеріне ағалық қамқорлығын көрсетіп спортқа баулыды. Жарыста «Үздік ойынша» номинациясын 1-курс студенттері Жүнісов Дәурен мен Есқали Нұрай жеңіп алды. Жұлделі 1- орынды «Арлан» командасы, 2-орынды «Барыс» командасы, 3- орынды «Батырлар» командасы жеңіп алды.

А.С.ЖАҚСЫҒАЛИЕВА,
тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім жетекшісі

2016 жылғы қыркүйектің 6-шы жұлдызында жаратылыстану-география факультетінде, биология мамандығының көп тілді Б/п 29-топ студенттерінің ұйымдастыруымен «Менің елім – Қазақстан» атты кураторлық сағаты өтті. Өткен кураторлық сағаттың ерекшелігі оның үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілінде өтуі.

Үш тұғырлы тіл - уақыт талабы

Алдымен кураторымыз, доцент Багдагул Сақтағановна Альжанова «Сіздер көп тілде оқитын топта оқисыз, сондықтан қазірден бастап үш тілде сөйлеуге үйреніп жаттыққандарыңыз дұрыс. Тілді тек оқу сабақтарында оқып қана қоймай, күнделікті өмірде неғұрлым көп қолданып, игерген білімдеріңізді практикалық тұрғыдан қолдана білулеріңіз керек. Сондықтан «Менің елім Қазақстан!» атты куратор сағатын үш тілде өткіземіз» дегенде көңілімізге қорқыныш ұялаған. Дегенмен кураторымыздың ұйтқысымен шынымен де көңілімізге сенім ұялап, дайындыққа кірісіп кеттік. Енді кураторлық сағаттың өту барысына тоқталсақ: кең көлемді куратор сағатын үш тілде өткізуге орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Винник Розалинда Эйзеровна және шетел тілдері кафедрасының оқытушысы Дауылова Ляззат Тұраровна көп көмектесті. Жоғарыда айтылған жүрексіну мен қорқынышты жеңу мақсатында педагогика, психология және өзін-өзі тану кафедрасының оқытушысы, магистр Есенова Света Нурғалиевадан кеңес алып, кураторлық кешті «Сәлемдесу» тренингінен бастауды ұйғардық. Жүргізушілер: Қаржауова Гулдана - ағылшын, Усенова Асел - қазақ, Салимбаева Құндыз - орыс тілінде сәлемдесіп кешті бастады. Әрі қарай Қазақстанның Алматы, Астана, Бұрабай, Көкшетау, Орал, Атырау және басқа да көптеген қалалары мен көркем де тамаша табиғаты туралы мәліметтер презентация, бейне роликтермен көрсетіліп, үш тілде баяндалды.



Мың бұралған бишілер биімен жалғасып, үш тілде оқылған көркем сөздермен кестеленген кураторлық сағатта студенттердің өз еліне деген махаббаттарын әсем сөздермен өрнектей білуі жүректі тебіртпей қойған жоқ. «Атамекен» әнімен аяқталған кураторлық сағат студенттердің Отанының нағыз патриоттары екендігін дәлелдеді.

Қорытынды сөз сөйлеген кеш қонағы биология ғылымдарының докторы, профессор Дарбаева Талшен Есенманқызы алған өсерін былай жеткізді:

«Вы сегодня сделали открытие! Молодцы! Видно, что вы так волновались, но все равно подготовились и сумели рассказать о достопримечательностях нашей страны. Надеюсь, будет

продолжение кураторского часа, проведенного на трех языках», - деп өз сөзін қорытындылады.

Келесі қорытынды сөзді биология және экология кафедрасының доценті, кураторымыз Алжанова Багдагул Сақтағановна жалғастырды:

Үміт күтеміз біз сіздерден,

Жаңалыққа құмарланып, ізденген

Ғылымға өз үлестерін қосар деп

Әлі талай жаңалықтар ашар деп

Биіктерден көрінсін деп біліммен – деп атай отырып, кураторлық сағаттың өту барысына талдау жасап, әлі де көп жұмыстану керектігіне тоқталды. Көп тілде оқитын Б/п 29 топ студенттері алдағы уақытта талай ерекше жобаларымен таңдандырады деген сенімі мол екенін айтып өтті.

Студенттердің осынау үш тілде өткен ерекше кураторлық сағатты ұйымдастыра білуі - оларға тәрбие мен білім берген ұлы ұстаздарының арқасы деп білеміз. Шетел тілін оқыту тек бір ғана ағылшын тілі мамандарының жұмысы деп санамай, барлық ұстаздардың және студенттердің интеграциялық қызметі болғанда нәтижелі болатынын байқадық.

Диана БАҚТЫҒАЛИЕВА

Благодарность

Педагог – учитель учителей

В преддверии празднования Дня учителя магистром, преподавателем кафедры русской филологии Б.Н.Жаныбековой и студентами групп различных специальностей с нерусским языком обучения на СРСП было проведено праздничное мероприятие «Педагог – учитель учителей».

Концертная программа с песнями, стихотворениями и душевными пожеланиями на русском языке прозвучали из уст будущих спортсменов и художников. Группы ФКС-11, ФКС-13, НВП-11, ИИЧ спели такие песни как «Школьная пора», «Чему учат в школе», «И через года». ФКС-15 подготовили стихотворения об учителях; группа ускоренного обучения спели песню «Прощальный вальс» и прочитали стихотворение «Учитель, пред именем твоим», группа ДИ-11 под гитару спела песни, посвященные Женщине и Учителям...

Перед зрителями также был представлен видео-материал «Презентация своей группы» на 3-х языках, подготовленными ранее студентами, в котором они рассказывали о своих первых шагах в стенах родного Альмаматера, показывали и рассказывали о своем хобби и достижениях. Приглашенными гостями были кураторы групп, также это СРСП посетили заместитель декана по

воспитательной работе филологического факультета Альмурзина С.С., заведующий кафедрой русской филологии к.ф.н. доцент Абдульманов А.А., старший преподаватель кафедры русской филологии Абузярова Э.Р., преподаватели Шукурова Г.С., Отаров М.Т., магистрант 2-го курса Утарова Н.Т., студенты 1-го курса специальности РЯЛ, ФИЛ, РЯЛШ, группа РЯЛШ -22 и студенты 2 курса групп с нерусским языком обучения, которым в прошлом году русский язык вела магистр, преподаватель Жаныбекова Б.Н. Вечер, посвященный педагогам, прошел в уютной обстановке, ведь организаторы подарили всем свое тепло, хорошее настроение и силы преподавателям для дальнейших успехов и новых открытий.

Данагуль МАЖИТОЛЛИНА, студентка 2 курса специальности РЯЛШ -22

Первые шаги

Мой университет

Университет – это как государство, имеющее свои области-факультеты, каждая из которых ведет себя как семья, имеющая своих детей. Раньше я думала, что только школа может нас так сильно любить и делать все для нас возможное, и что после ее окончания не будет теплоты и уюта, как в родной школе.

До поступления в университет мне казалось, что это огромное здание, построенное на знаниях, но без чувств, в котором все люди ищут что-то, что бы могло удовлетворить их потребности. Но это оказалось лишь мое необдуманное мнение, которое со временем изменилось. Теперь университет является смыслом моей взрослой жизни. Учеба в университете - это очень интересный процесс, который занимает большую часть времени и внимания. Кроме того, обучение формирует дальнейший жизненный путь, готовит к профессиональной деятельности и влияет на качество самой жизни в перспективе. Поэтому очень важно учиться именно там, где комфортно и где можно получить необходимую профессиональную подготовку. Я думаю, что я не ошиблась при выборе своей профессии и своего университета, ведь я учусь в ЗКГУ им. М.Утемисова.


Студентами вуза в разные годы были выдающиеся личности нашей страны Имангали Тасмагамбетов, Бырганым Айтимова, Елена Тарасенко и многие другие.

Я учусь на физико-математическом факультете на специальности «Физика». Нам преподают сильнейшие

профессора и педагоги с большим опытом работы. Они не только дают качественные знания по предмету, но и полезные жизненные советы, которые помогают нам выйти из той или иной ситуации. Воспитывают в нас не только умных, но и справедливых, честных, ответственных, трудолюбивых, равно-сторонних специалистов. Я думаю, все это они делают не только по долгу службы, но и потому что мы, студенты, являемся частью их жизни. Они нас любят как своих родных детей и всегда стараются нам помочь, поддерживают нас в трудную минуту.

Мне кажется, быть настоящим и самоотверженным педагогическим работником – это огромный талант. Настоящий преподаватель с любовью относится к своей работе, к студентам и с чувством гордости передает им свои знания и приобретенный опыт. Ведь каждому преподавателю приятно знать, что именно его студент добился грандиозных высот в будущем.

Мне, как будущему педагогу, хотелось бы работать именно в таком дружном коллективе. Ведь работа занимает большую часть нашей жизни. Еще одним весомым аргументом в пользу моего факультета является активная студенческая жизнь, регулярное проведение различных творческих мероприятий,



Назерке МАХАМБЕТОВА, МТЖ-11 тобының студенті

ХАБАРЛАНДЫРУ

Батыс Қазақстан облыстық «Орал өңірі» және «Приуралье» газеттерінің шыға бастағанына 100 жыл толуына орай студенттер мен магистранттарға арналған байқау.

Ұйымдастырушы - «Жайық Пресс» ЖШС.

2017 жылы Батыс Қазақстан облыстық «Орал өңірі» және «Приуралье» газеттерінің шыға бастағанына 100 жыл толмақ Бұл басылымдар бастауын 1917 жылы 28 шілдеде бұрынғы Бөкейіктегі Хан Ордасы қаласында шыққан «Ұран» газетінен алады. Кейіннен «Хабар-Известия», «Қазақ дұрыстығы-Киргизская правда», «Дұрыстық жолы», «Қызыл ту» т.б. болып атауы сан өзгерген бұл газеттерде Ғұмар Қараш, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Ахмет Мөметов, Халел Есенбаев, Нұғман Манаев т.б. сынды Алаш арыстары - қазақ баспасөзін қалыптастырушы қайраткерлер қызмет еткен.

Батыс Қазақстан облыстық басылымдарының шыға бастағанына 100 жыл толуына орай «Жайық Пресс» ЖШС ұйымдастырып отырған бұл байқаудың басты мақсаты - журналистика, филология және тарих факультеттері студенттері мен магистранттары арасында қазақ баспасөзінің даму тарихы тақырыбын насихаттау, осы мәселеге жас ғалымдардың көңілін аударып, қызығушылығын арттыру, ЖОО басшыларының, тиісті кеңестердің назарын қазақ баспасөзі тарихына бағыттау, сол арқылы қазақ баспасөзі тарихын, оның ішінде Қазақстанның батыс өңірінде шыққан басылымдардың даму жолын, баспасөз бастауында тұрған тұлғалардың өмір жолы мен қызметін студенттердің курстық, дипломдық және магистрлік зерттеу жұмыстары тақырыбына айналдыруға ықпал ету.

Жұлделер:

1. Ең үздік курс жұмысы - 50 мың теңге;
2. Ең үздік диплом жұмысы - 100 мың теңге;
3. Ең үздік магистрлік жұмысы - 150 мың теңге.

Байқау қорытындысы 2017 жылдың 28 шілдесі қарсаңында қорытындыланады. Байқауға ЖОО студенттері мен магистранттары қатыса алады. Байқауға арналған жұмыстар 2015 kb@mail.ru электрондық поштасына 2017 жылдың 30 маусымына дейін қабылданады. Байқауға жіберілетін жұмыстарға қойылатын талап - ЖОО-дағы курстық, дипломдық және магистрлік зерттеу жұмыстарымен бірдей. Қазылар алқасы жұлделерді анықтаған кезде соны тақырып, тың зерттеулерге басымдық береді.

Анықтама: «Жайық Пресс» ЖШС БҚО-дағы облыстық «Орал өңірі» және «Приуралье», он екі аудандық газеттерін біріктірген, көптеген республикалық басылымдар (олардың ішінде республикалық «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері де бар) басылатын баспаханасы, өңірдің жаңалық-өзгерістерін республикаға ақпарат, бейнехабар түрінде жедел тарататын ақпарат орталығы бар, www.zhaik-press.kz электрондық адресі бойынша дербес сайты тұрақты жұмыс істейтін медиахолдинг.

Байқау туралы толығырақ ақпарат алу үшін 8(711-2) 50-30-14, 8(711-2)51-24-48, 87028860187 телефондарына хабарласуға болады.

Мекен-жайымыз: Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. «Жайық Пресс» медиахолдингі

Тарихи естеліктерге толы кездесу

Біз, Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Мәдениет және өнер» факультетінің мәдени-тынығу жұмысы мамандығының бірінші курс студенттері, кураторымыз Гүлжазира Еркеқызымен оқу орнымыздың тарихимен танысу мақсатында мұражайда болдық.

Алғашқы таныстырылым Махамбет бабамыздың суретінен басталды. Бұл туындыдан университет оқытушыларының кескін өнері жұмыстарын көріп, тамашаладық. Махамбет бабамызды от ауызды, орақ тілді шешен ретінде ғана танып қоймай, батырлығы мен даналығы жайлы мағлұмат алдық.

Біз үшін БҚМУ тарихы ерекше әсер берді. Университеттің 1932 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі фотоматериалдарынан профессор-оқытушылар құрамының, студенттер шығармалары және көптеген спортшылар жетістіктерімен таныстық. Оқу орнының жетістіктерін көріп, білімге деген құштарлығымыз артып, бойымызға рухани қазына жия білдік.

Біз-жастар-ертеңгі күннің болашағымыз. Сондықтан, сапалы білім мен өнегелі тәрбиені бойымызға сіңіре отырып, еліміздің көркеюіне үлес қосуға міндеттіміз. Осындай 85 жылдық тарихы бар университеттің студенті атанғанымызды мақтан тұтамыз.

Назерке МАХАМБЕТОВА, МТЖ-11 тобының студенті

конференций. Интересные спортивно-юмористические соревнования между группами, способствующие лучшему погружению в студенческую жизнь, помогают проявить творческие таланты, найти новых друзей.

Для меня преподаватели моего факультета, прежде всего, уважаемые и почитаемые люди. Именно они дали мне билет в будущее и благодаря им я приобрела очень важные навыки, которые в дальнейшей жизни будут просто незаменимыми. В преддверии 85-летия я хочу сказать огромное спасибо преподавателям своего факультета за их бесценный труд.

Баян САРБАЕВА, ФМФ, гр. 04405

Студенттік кезең - өмірдің ең бір қызықты, мәңгілік ұмылмайтын керемет шағы. Саусақпен санарлық жылдарда күрең күздің жаңбыры да, қытымыр қыстың қақаған аязы да, жаймашуақ жаздың аптап ыстығы да, көгілдір көктемнің батпақтары да білінбестен тез өте шығады. Көретінің де, білетінің де көп... Осы орайда енді ғана «перваш» атанып, студенттік өмірге қадам басып жатқан студенттерімізбен сұхбат жүргізіп, алғаш университет қабырғасын аттағандағы сезімдерін ортаға салған болатын:

ҚЫЗЫҚТЫ ӨМІР ҚАҢАРМАНДАРЫ...

Алтынбек Зейнуллаев, мәдениет және өнер факультетінің дәстүрлі музыка өнері мамандығының 1-курс студенті:

Мен бұл университетке мектепте алған білімді одан әрі жетілдіру мақсатында Маңғыстау облысынан арман қуып келген болатынмен. Келе салысымен жатақханаға орналастым. Алғашқы күндері жатақханаға үйренісе алмағаным рас. Бірақ бұл жерден жаңа достар тауып, аз уақыттың ішінде оларға бауыр басып та қалдым. Туып-өскен ауылымнан жырақта жүргесін бе, ауылымды сағынып та үлгердім. Алайда достарыммен қызықты уақыт өткізіп, сағынышымды сөйлемін. Ал университет табалдырығын аттаған сәттегі ерекше сезімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Өзімнен төрт жыл бірге оқитын группаластарыммен таныстым. Келесі күннен-ақ алғашқы сабақтар басталып кетті. Университет бағдарламасы мектеп бағдарламасынан күрделірек екені бірден байқалды. Әсіресе, «семинар», «СРСП», «силлабус», «поток» деген сөздерді естігенде музыкалық термин шығар әлде, университетке қатысты құжаттар ма деген ой да болды. Оқытушылар мен жоғары курс студенттерінен сұрастыра келе бұл терминнің студенттік өмірдің «нағыз термині» екенін естіп, іштей күліп алдым.

«Іздеген жетер мұратқа» дегендей бұл қиындықтарды да еңсереріме сенімдімін.



атқаруға тура келді. Бұрын-соңды қолына қазан ұстамаған мен, қызық жағдайға тап болдым. Айта кетсем, бірінде тұз салуды ұмытып кетсем, бірде шикі болып шықты. Қазір қыздардың көмегімен бұл істі де жетік меңгеріп, әпкемнен кем түспейтін болдым. Бұл жатақханадағы қызықты сәттердің өзінде бір бөлігі ғана. Ал, оқу жайын айтар болсақ, мұнда мектептегідей емес, өз бетімізше жұмыстанып, еңбектенуге бейімдейді. Басында ректор, проректор деген сөздер маған таңсық болды. Университетке келгенде олардың кім екенін білмедім. Менің түсінігімде ректор деген - директор, ал проректор - завуч деп ойлады. Университетте төрт проректор бар дегенде, төрт завуч па деп ойлап қоям. Ал, семинар, срсп-нің жөні мүлдем бөлек. Өз тобымда бұл ұғымдардың мағынасын білмейтіндігімді көрсетпей, барлығын өпкемнен б ү г е - шүгесіне дейін сұрап алып, достарыма түсіндіретін едім. Жоғары курс студенттерінің айтуы бойынша «перваш» атандық. Алғашында түрпідей тиетін «перваш» атауына да құлағымыз үйренді...



Сайын Айдархан, филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті:

Мен ауылдан арман қуып, ой жетегімен ілесіп келіп Орал шаһарындағы киелі де қасиетті М.Өтемісов атындағы университеттің студенті болғаным өте қуаныштымын. Осы университетке оң аяқпен қадам басып, түлегі атанғалы бері көптеген өзгерістердің куәсі болудамын. Университетпен мектептің адам салыстыруға келмейтін өзгешелігі бар екендігін енді ұққандаймын. Алғашқы сабақ күндері өзіме бейтаныс СРСП, семинар деген сөздерді естіп абыржып қалғаным да бар. Дегенмен, уақыт өте сабаққа да, мұғалімдерге де үйреніп, тіпті бауыр басып қалғандаймыз. Мен осы ЖОО-ның студенті екендігіме мақтанамын!



Аманжолов Ержан, филология факультетінің филология: қазақ тілі мамандығының 1-курс студенті:



Студент атанған екінші күн болатын...сабақ, аудиториядан аудиторияға көшіп жүрміз. Қай аудиторияға кірсең де мұғалімдерден еститінің «студенттер лекция дәптерлеріңізді шығарыңыздар» дейді. Бір жаңа дәптерге жаза бастаймыз. Содан кейін әрі қарай «студенттер лекцияға бір дәптер, семинарға бір дәптер, СРСП-ға бір дәптер бастайсыздар» дейді. Бұл сөздердің қандай мағына білдіретінін сұрайын десем ұялыққырап үндемейтінмін. Группаластарымнан сұрайын десем олар «біз де сен сияқты первашпыз» дейді. Сосын амал жоқ ғаламторға жүгініп барлығын біліп алған соң қасымдағыларға өзімше түсіндіремін. Олар қайдан білсін оның бәрін ғаламтор арқылы білгенімді. Енді әрі қарай қандай терминдер кездеседі екен деп жүрмін сол.

Өтепқалиева Тоқжан, тарих, экономика және құқық факультетінің, құқықтану мамандығының 1-курс студенті:

Мен үшін мектеп бітіріп, университет қабырғасына келіп жаңа өмір бастау бір жағынан қызықты, бір жағынан қорқынышты болды. Себебі, жаңа орта, жаңа оқытушылар және «силлабус», «семинар» деген жаңа сөздер маған таңсық еді. Осының барлығын жаттап үйрену және орындау университеттің басты қағидалары еді. Осы университетке түсу менің алдыма қойған ең бірінші мақсатым еді. Осы мақсатыма жеткеніме шексіз қуаныштымын және осы оқу орнының мақтан тұтар студенті атанарыма сенемін.



Маржан Запарова, жаратылыстану-география факультетінің ғылыми-география мамандығының 1-курс студенті:

Мен бұл оқу орнына түскенде бәрі таңсық еді, яғни бұл орта, таныс емес сөздер, адамдар... бәрінің де менің үйреншікті мектебімнен айырмашылығы бар еді. Мұндағы зор ерекшелік группамда төрт қана адам болғаны. Группаның старостасы болып тағайындалып, аз да болса да бір отбасындай болып кеттік. Біздің ең алғаш түсінбегеніміз ол «СРСП, семинар, рубешка, рейтинг» деген терминдер. Тіпті, аудитория, корпусстарды таба аламай әр сабақта әр жақта шашырап та жүрдік. Осылай қиыншылығы мен қызығы мол студенттік өміріміз басталып та кетті. Факультет басшылары сабақтың қиыншылығын ауырсынып жүрген кезімізді білгендей, турбазаға демалысқа шақырды. Бұл біз үшін керемет уақыт өткізу болды. Әр түрлі ойындар, тренингтер, өзіл-күлкі жанымызды жадыратты. Ендігі мақсатым - сабағымды жақсы оқып, студенттік өмірімді мәнді де сәнді қылып өткізу.



Айбат Оразғали, физика-математика факультетінің математика мамандығының 1-курс студенті:

М.Өтемісов атындағы қара шаңыраққа алыстан арман қуып, ата-анамның үмітін арқалап келдім. Ұлы батырымыз Махамбеттің есімі берілген бұл университетке келгенімде елеулі өзгерістер орын алды. Жатақхана.. жаңа достар... жаңа орта... жаңа мұғалім... Алғашында сабақтар қиындық туғызып, тіпті «силлабус», «СРСП», «СРС», «кредит» сынды сөздерді естігенде, физикалық формулалар ма деген де ой туды. Кейін есті келе, мүлдем басқа термин. Яғни, төрт жыл бойы қолданылатын студенттік терминдердің нақ өзі боп шықты.

Болашақта сабағымды үздік оқып, келешегімді осы университетпен байланыстырығым келеді.



Бауыржанова Рысгүл, филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті:

Студенттік шақ - қиындығы мен қызығы қатар жүретін бал татыған кездер екені айтпаса да түсінікті. Биылғы оқу жылы жылдағыдан ерекше басталып, аты дардай М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың студенті атандым. Ерке Жайықтың төрінде орналасқан университетімізге биыл 85 жыл толса, тұғырлы тәуелсіздігімізге 25 жыл толмақ. Бұл атаулы күндер біздің оқуымызбен тұспа-тұс келуі тегін емес шығар?! Мерейлі мерекелерге атсалысып, оқуда үздік нәтижеге қол жеткізіп, қоғамдық шараларда елден ерек болу - біздің мақсат. Ендеше 2016-2017 оқу жылы толағай табыстар мен шығармашылық жетістіктерге толы болсын!

Бастысы - осы кезеңде ақыл тоқтатып, нақты мақсаттар қойып, оған жету үшін алғашқы қадамдарды жасайсың. Қуанасың, шаттанасың, сүрінесің, жеңіске жетесің. Бәрібір де осы өмірді сүйесің. Себебі, сен - қызықты өмірдің басты қаһарманысың!
Сәттілік, студент!



Аягөз Оңдыбайқызы, жаратылыстану-география факультетінің география мамандығының 1-курс студенті:

Мектеп бітірген соң университет студенті атану - ерекше сезім. Университет мен үшін үлкен білім ордасы, осында білім алып жатқанымға қуанамын. 1-курс болғандықтан сабақтарды түсінбеу, университет ғимараттарын шатастыру көп болды. Бастапқы үш апта бойы семинар, рейтинг, рубешка, СРС сынды сөздерді мүлдем ажырата алмадым. Мектепте тек бір ғимарат болса, университетте бірнеше ғимарат және бір күнде әр ғимаратта бірнеше сабақ болады. Группамызбен ең көп іздеген ғимаратымыз №6 колледж болды. Жатақхана, университет, сабақтар, ш е г і көп аудиториялар, қызықты күндер, студенттермен танысу, жаңа достар табу бұл нағыз студенттік өмірдің бастамасы.



Нұрғазы Қаржаубаев, педагогика факультетінің, бастапқы әскери дайындық мамандығының 1-курс студенті:

Мектеп кезіміздегі балалықты артқа тастап, арайлы Ақжайық өлкесіне білім қуып, арманымды арқалап маңғаз Маңғыстаудан келіп, «Студенттер үйіне» орналастым. Мұнда анашымның қолынан шыққан дөмі тіл үйретін тағамдарды жеу арман болды. Бөлме тазалау, тамақ пісіру жұмыстарын

Студенттік терминдер:

Силлабус — оқылатын пәннің деректерін, оның қысқаша мазмұны, тақырыбы мен әрбір сабақтың ұзақтығын, өзіндік жұмыстардың тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, аралық бақылау кестесін және әдебиеттер тізімін құрайтын оқу бағдарламасы.

Семинар — практикалық оқу сабақтарының бір түрі.

Дәріс — оқытушының белгілі бір тақырыпты арнаулы баяндауы.

СОӨЖ(СРСП) – Студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы(самостоятельная работа студентов под руководством преподавателя);

СӨЖ(СРС) – Студенттің өзіндік жұмысы(самостоятельная работа студентов);

Рейтинг 1 – алғашқы 7 апта қорытындысы;

Рейтинг 2 – соңғы 7 апта қорытындысы;

Рубешка – баға шығарар алдындағы оқытушының жетекшілігімен берілетін тапсырма.

Сұхбаттасқан: **А.Ғ.ЖҰМАБАЕВА**,
Н.Ә.Назарбаев атындағы арнаулы шәкіртақы иегері,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті

Тарихи ғата: ҰЛТ АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ - 100 ЖЫЛ!

Сан ғасырлар бойы біздің батыр бабаларымыз тәуелсіздік үшін аянбай тер төкті, қасық қаны қалғанша күресе білді. Сол күрестің арқасында біз, тәуелсіз заманның балалары, бейбіт күнде өмір сүріп жатырмыз. Атап өтер болсақ, тарихтағы ең елеулі оқиғалардың бірі - 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі. Биыл, 2016 жылы, аталып отырған көтеріліске 100 жыл толып отыр...

1916 жылы болған көтерілісте Т. Рысқұлов, Т.Бокин, Б. Әшекеев, Ж. Мәмбетов, Ә. Жангелдин, А. Иманов, С. Меңдешев, Ж. Мыңбаев секілді ұлт жанашырлары, халық батырлары Торғайда, Жетісуда, Бөкей Ордасында, Маңғыстау және Ақтөбеде толқу-көтерілістерін ұйымдастырған еді. Бұл көтеріліске түрткі болған 1916 жылғы 25 маусымдағы патша үкіметінің «Түркістан мен Дала өлкесінен 19-43 жас аралығындағы 500 мың адамды қара жұмысқа алу туралы» жарлығының шығуы еді. Бұған қазақ зиялылары екі түрлі көзқараста болғаны белгілі, біріншісі, революцияшыл-демократияшыл топ өкілдері (Ә. Жангелдин, А. Иманов, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Меңдешев, Б. Әшекеев, Ж. Мәмбетов және т.б.) қара жұмысқа барудан бас тартты. Ал екінші топ болса, либералдық-демократиялық зиялылар (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы) патша үкіметімен ымыраласып келісімге келуге тырысты.

Осы орайда Әлихан Бөкейханов: «Тағы соғыс» мақаласында «Бұл соғыстан жалпы жұртқа пайда жоқ, ал шаруасын бұзып, қанын төгетін сорлы халық болар» - деп күйінгенін де жақсы білеміз. Либералдық-демократиялық топтың мақсаты халықты патша жазалаушыларының құрбаны етпеу болатын. Алайда патша үкіметінің жарлығына жауап ретінде шілде айында стихиялық бас көтерулер болып өтті. Көтерілісшілер бірінші кезекте отарлауға дейінгі мемлекеттік жүйелерді қалпына келтірді, яғни бұл: хан сайлау, әскер басшысы: сардарбекті және басқаларын сайлау еді. Көтеріліс барысында көтерілісшілер еректері мынадай болды: қара жұмысқа шақырушылардың тізімін жою, болыс басқармаларын, болыс ауылдарын талқандау, патша үкіметімен қақтығыс болатын.

Осыдан 100 жыл бұрын болған көтеріліс-біздің тәуелсіз ел болуымыз үшін жасалған қадам іспеттес. Бабаларымыз алып беріп кеткен тәуелсіздікті аялау, өзімізден кейінгілерге асқақтата жеткізу - үлкен мәртебе, ұлы міндет. Енді біз, қазіргі заман жастары, батыр бабаларымыздың салған сара жолын жалғастырып, тәуелсіздігімізді аялап, Елбасы арманы «Мәңгілік ел» болу жолында аянбай еңбек етіп, бабалар арманын шындыққа айналдыруымыз қажет. Біз сол жолда аянбай еңбек етуге дайынбыз. Қазақстанның атын алты құрлыққа танытуға барымызды саламыз!

Амангелді ЖЕҢІС,
тарих мамандығының I курс студенті

Аталып отырған шараның тағы бір мақсаты: тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылып отырғандықтан, еліміз тәуелсіздік алған 25 жылдан бергі тарихи кезеңдерді студенттер арасында кеңінен насихаттау еді. Тарихтың қиын да қатпарлы жолынан өткен қазақ елі тәуелсіздік деген шуақты күнді ешқашан ұмытқан емес! Тәуелсіздік- ұлы ұғым, оны өзімізден кейінгі буынға насихаттау біздің міндетіміз екені анық.

Интеллектуалды ойына 6 кезеңнен тұрды. 1-кезең-Сәлемдесу, 2-кезең-Ойлан тап, 3-кезең-Сәйкестендіру, 4-кезең-әуенді тап, 5-кезең-сөз құрау және соңғы кезең- Қолқа салу болып бөлінді. Сайысқа құрамы 4 адамнан тұратын 5 топ қатысты. Олар: Тәуелсіздік тарландары, Тұлпар, Алаш, ҚазСақ және Тәуелсіз ұландар топтары. Сайыста өділ - қазылық көрсеткен студенттер үйінің төрайымы бастаған жатақхана кеңесінің мүшелері болды.

1-ші кезеңде қатысушы топтардан ерекше жанрда сәлемдесу талап етілді. Бұл сайыста топтардың бірі күймен сәлемдесе, бірі гитарамен арнау айтып, бірі видео-өзіл көрсетіп таңқалдыра алды. Ойлан тап кезеңінде 5 тақырыптан тұратын 15 ұяшық болды, бұл кезеңде Орал тарихы, Тәуелсіз Қазақстан, салт- дәстүрлер, Әлем тарихы және Тұлға тақырыптары қозғалды. Сәйкестендіру кезеңінде топтарға Елбасымыздың қазақ



Мәңгілік Ел-2050

Ұрпағымын қазақтың бақ дарыған,
Тәуелсіздік арманы орындалған.
Тарихына бас иемін бабалардың,
Мәңгілікке өшпестей із қалдырған.

Тәуелсіздік-ұлы сөз, ұлы ұғым. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен күнге 1991жылдың 16 желтоқсанында қол жеткіздік. Бұған Алты алаш, күллі әлемдегі қазақ жұрты шаттанды, бөрік аспанға атты.Тәуелсіздік келуімен еліміздің керегесі кеңейіп, шаңырағы сөзсіз биіктеді.

Қазақстан әлемдік қауымдастықтың лайықты мүшесіне айналды. Бізді дербес ел ретінде, саяси салмағы бар мемлекет ретінде мойындап, тани бастады.

Біз-Мәңгілік Қазақтың перзентіміз. Мақсатымыз-туған ел мен жердің көсегесін көгерту. Басты идеямыз-Мәңгілік ел идеясы.

2012 жылдың желтоқсан айында Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан- 2050» стратегиясын жариялады. Мәңгілік ел идеясы-елімізді өз мақсаттарына жеткізетін тұғырлы идея. Тәуелсіз ұлт болудың шарттары: өзіне төн тілі, сенетін діні, салт-дәстүрі, жазуы, басқа да ерекшеліктерінің болуы.

Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні хақ. Елбасы жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойылды. Соның ішінде инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, елімізге қажетті технологиялар мен оларды қолдану үшін арнайы мамандарды оқыту.

Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Тағы бір жайт-тіл мәселесі. Сондықтан Елбасымыз да тілді дау-дамайдың төркіні емес, даму мен өркендеудің негізіне, ұлттың ұйтқысына айналдыру-баршамыздың парызымыз екендігін тағы бір мәрте тиянақты ұғындыра білді деп ойлаймын. Ондағы ең өзекті

мәселенің бірі 2025 жылы латын әліпбиіне көшу көпшілікті ерекше қуанышқа бөледі.

Елбасының өр Жолдауы- толғауы терең қайталанбас дүние. Елбасы Жолдауында өмірдің баға жетпес құндылығы балаға, бала тәрбиесіне, болашағына көп көңіл бөліп отыр. «Бала тәрбиелеу – болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Бұның барлығы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған әрекет. Адамзат өзінің байырғы құндылықтарынан ажырамауы үшін ат салысып, адамдарды ізгілікке, қамқорлыққа шақыруы көңілге қонымды. Отағасының серігі анасы демекші, Елбасы Жолдауында өмірдегі әйел адамның рөлі, оның келешегі жөнінде айтылған. Әйел адам ең алдымен - ана. Ал ана-отбасы, мемлекет шамшырағы. Сонымен қатар Жолдауда ұлт денсаулығы да қарастырылған. Ұлт денсаулығы-біздің табысты болашағымыздың негізі. Қазақстан халқының денсаулығын сақтауда жаңа өзгерістер енгізу, ауылдық жерлерде медициналық қызметтердің сапасын көтеру көзделген.

Мәңгілік ел - 2050 - Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы. Бұл міндеттерді мүлтіксіз сақтай отырып, біз отанымыздың байрағын нық ұстаймыз. Мен болашақта елімізде білім сапасының артуын, мұғалімдерді дайындау деңгейінің жоғарылауын, ғылыми жобалардың көптеп болуын, жаңа технологиялардың сапасының артуын, жетім балалардың азаюын, Қазақстан экономикасының жоғары дәрежеде яғни басқа да қуатты мемлекеттер секілді дамыған елдің алдыңғы қатарында көрінуін қалаймын.

Бүгінгі Қазақстан- жалғыз қазақ халқының ғана емес, күллі Қазақстан халықтарының ортақ Отаны, сондықтан олардың тарихы да,

Кеше ғана аяқ басқан оқу жылының алғашқы айында, қыркүйек айының 8-і күні университет жанындағы №3 студенттер үйінде Тарих, экономика және құқық факультетінің I курс студенттері арасында «ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН - ТӘУЕЛСІЗДІК» атты интеллектуалды ойын өткізілді. Шараның басты мақсаты - студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, белсенді студенттік өмірге жетелеу.

Ел болашағы - өнерлі ұрпақ



ұлтына, қазақ тарихына қатысты айтқан әртүрлі 5 сөйлемі бөлек-бөлек сөз ретінде ұсынылды. Берілген сөздерден сөйлемдер құралды. 4-ші кезеңі қатысушылар үшін өте қызықты өтті. «Әуенді тап» халық әні, күй және патриоттық ән деген 3 бөлімнен, барлық саны 15 әуеннен тұрды. Келесі кезең сөз құрау да өте тартысты өтті. Топтарға 1 минуттың ішінде «жасампаздық» сөзінен сөздер құрау тапсырылды. Осы кезеңдердің біріктірілген бағасы бойынша: Тәуелсіз ұландар тобына «Көгермен кезайымы» номинациясы, Тұлпар тобына «Белсенді топ» номинациясы, және Тәуелсіз ұландар тобының лидері Темірхан Айбекке «үздік ойыншы» номинациясы берілді. Жалпы балдық есепте III орынға Тәуелсіздік тарландары тобы, II орынға ҚазСақ тобы және I орынға Алаш тобы ие болды. Жұлделі орындарға кәсіподақ ұйымының және Тарих, экономика және құқық факультеті деканының орынбасарының бағалы сыйлықтары тарту етілді.

Осындай шараны өткізу арқылы біз, ұйымдастырушылар, елдің өткен жолын, тарихын дәріптеуші патриот, интеллигент жастарымыздың көп екенін байқадық. Алдағы уақытта да бірлесе отырып бірнеше шараларды жүзеге асыратын боламыз. Бәрі де өлі алда...

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойы құтты болсын! Патриот жастарымыз көп болсын!

Аталып отырған интеллектуалды ойынның өткізілу барысына

№3 студенттер үйінің жауапты ұстазы Жақсығалиева Альфия Сабырғалиқызының және Тарих, экономика және құқық факультеті деканының орынбасары Сабырғалиева Назгул Бақтығалиқызының көрсеткен көмектеріне алғыс білдіреміз.

Айдана ДУЗБАСОВА,
Тарих, экономика және құқық факультеті
07303-топ студенті

Магистратура



«Адам ұрпағымен мың жасайды»-дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығы мен адамзат баласы мың емес, миллиондаған жылдар жасап келеді. Ұлы педагог А.Каменский «Мұғалім –мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дөнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз, лаулаған жалын иесі»-деп ұстаздың еңбегіне ерекше баға беріп, үнемі ізденісте, шығармашылық әрекетте болатынын, жалындап жүретін тұлға екенін айтқан.

Міне, осы жолда өз өмірін білімге, ғылымға арнаған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті ұстазы «дүниежүзілік тарих және әлеуметтану-саяси пәндер» кафедрасының доценті, т.ғ.к. Қожабергенова Хамида Ихсановна бүгінгі күні мерейлі 70 жасқа толып отыр. Соған орай, университетіміздің ғылыми кітапханасында қыркүйек айының 21 күні ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімі, ғылыми кітапхана және 1-курс магистранттарының ұйымдастыруымен ғалыммен кездесу кеші болып өтті. Кешке ғалымның шәкірттері, университет ұстаздары, магистранттар мен студенттер қатысты. Кеш

барысында Хамида Ихсановнаның өткен жолдарына көз жібертіп, қысқаша өмір жолы мен ғылым әлеміне қосқан үлесі жөнінде баяндама жасалды және кітапхана ұйымының ұйымдастыруымен ғалым еңбектеріне көрме жасақталды. Сонымен қатар ғалым өзінің ғылым мен өмір жолындағы өз заманында бірге жүрген қаламдас әріптестері мен ұстаздарының естелікке толы ғұмырын еске алып, белгілі тарихшылардың алдын көріп, олардан тәлім-тәрбие алғандығын мақтанышпен еске алды. Студенттер мен магистранттарға заманның озық ойлы маманы, білімді, саналы ізденіспен үнемі даму жолында еңбектену керек екендігін айта келе, үлкен толғаныспен «Мен өте бақытты адаммын. Өйткені менің бүкіл өмірім осы университетте білім берумен өтті. Бұл оқу орнының әр қабырғасы маған ыстық. Бар байлығым, жинаған қазынам осы»- деп сөзін аяқтады ғалым. Мерейтойға Хамида

Ихсановнаның шәкірті №46 ЖОББМ директорының орынбасары Хамзин Женис Какибаевич арнайы құттықтап келсе, студенттер мен 1-курс магистранттары түрлі сұрақтар қойып, университетіміздің Серпін бағдарламасы бойынша білім алушы 2-курс студенті Исмаил Жансая Дүйсенбекқызы төмендегідей өзінің елең шумақтарын арнады:

Құрметті Хамида Ихсановна ұстазға!

Аяулы ұстаз, қадірлі жан құрметті,
Қазағымның түп-тарихын зерттепті.
Бүгін міне Хамида Ихсановна ұстазға
Шәкірттері алғыс айтып келген-ді.

Ұлы ұстаз бола білген баршаға,
Деріс алған азаматтар қаншама!
Мақтан тұтар өзіңізді бүгінде,
Басын иер, шәкірттері алдында.

Ұстаз болу жүректің батырлығы

т.ғ.к. доцент Қожабергенова Хамида Ихсановнаның 70 жылдық мерейтойына арналған кездесу кеші өтті



Төбеңізден күліп тұрсын күніңіз,
Қайғырмаңыз әрқашанда күліңіз.
70 жастың онын жасап өлі де,
Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз.

Кеш одан әрі қыза түсті. 6M011400 – Тарих мамандығының 1-курс магистранттары М. Амангельдиев пен Қ.Қайралы ұстазға деген әсем әндерін жолдаса, кеш соңында магистранттар атынан А.Гайсина игі тілектерін арнап, ықылас гүлдері табысталып, қонақтармен естелік фотоға түсумен кездесу кеші аяқталды.

6M011400 және 6M020300 – Тарих мамандығының 1-курс магистранттары

Молодёжный форум «Менің тәуелсіз Қазақстаным»



27 сентября в селе Переметное Зеленовского района состоялся молодежный форум «Менің тәуелсіз Қазақстаным». Мероприятие было приурочено к 25-летию Независимости Республики Казахстан. Заместитель акима Зеленовского района Асылулан Турсунович Досжанов выступил со вступительной речью, подчеркнув, что на молодежь сегодня возложены большие надежды.



За 25 лет независимости было реализовано немало программ, рассчитанных на улучшение качества образования, помощь молодому поколению в трудоустройстве, такие как «Болашақ» и «С дипломом в село».

Благодаря программе «С дипломом в село» ежегодно десятки выпускников не только работают в поселках, но и активно участвуют в жизни села.

На сегодня у молодежи есть все условия для реализации своих желаний и амбиций. Государство выдает гранты на обучение, есть возможность академической мобильности, возможность продолжить образование до степени магистра или доктора Phd.

Среди выступивших на форуме были двукратная чемпионка мира по карате, заместитель акима Дарьинского сельского округа и другие известные личности района.

На форуме выступила магистрант 2 курса специальности «Русский язык и литература» Анна Иртыкеева. Являясь делегатом Зеленовского района, она присутствовала на XXIV сессии Ассамблеи народа Казахстана, которая состоялась в апреле в городе Астана.

Задача молодежи – оправдать доверие государства, потому что за молодым поколением, за теми, кто стремится развиваться, оправдывать возложенные на них надежды и делать нашу страну еще лучше – будущее!

Анна ИРТЫКЕЕВА,
магистрант 2 курса специальности
«Русский язык и литература»

22 сентября в рамках Декады языков «Язык – богатство духовного мира», посвященной Дню языков народа Казахстана и 25-летию Независимости РК, магистром, преподавателем кафедры русской филологии Багдагуль Нурхатовной Жаныбековой был организован конкурс «Музыка моей души» среди студентов первого курса неязыковых специальностей. В нем приняли участие студенты специальностей «Физическая культура и спорт», «Начальная военная подготовка», «Изобразительное искусство и черчение», «Декоративное искусство и Дизайн».

Музыкальный конкурс песен на русском языке

«Музыка моей души»

Только величайшее искусство – музыка – способно коснуться глубин души.
М.Горький

Всем известен метод изучения языков с применением музыки, и именно такая интеграция была взята за основу конкурса, где единственное условие – песня должна быть на русском языке.

Свою любовь к музыке продемонстрировали группы ФКС-13, ФКС-11, ФКС-15, НВП-11, ИИЧ-11, ДИ-11, Д-11, а их таланты оценивали будущие филологи, языковеды и вокалисты, которые и составили команду жюри. Состав жюри: магистрант 2-го курса специальности «Русский язык и литература».

С приветственным словом выступили организатор конкурса Б.Н.Жаныбекова и председатель жюри Н.Т.Утарова. После чего группы начали свои яркие и интересные выступления, некоторые песни исполнялись в сопровождении гитары и акапелла. Прозвучали композиции как известные и находящиеся на вершинах чартов сейчас, так и популярные несколько лет назад. На протяжении всего конкурса царил атмосфера добра, радости и дружбы.

По окончании выступлений члены жюри поделились своими эмоциями и впечатлениями, и как бы трудным ни был выбор, озвучили победителей. Третье место заняла группа ДИ-11, второе – ФКС-13 и первое – ФКС-11. Все участники были рады, поздравляли друг друга, делились положительными эмоциями и отметили тот факт, что «музыка нас связала», ведь в этом конкурсе пели все – и будущие спортсмены, тренеры, талантливые художники, и всем им подпевали не менее талантливые студенты кафедры русской филологии и факультета культуры и искусств.

Н.Т.УТАРОВА,
магистрант 2-го курса специальности «Русский язык и литература»



ҚР «Тілдер туралы» Заңында «Тіл- ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы- тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген. 22 қыркүйек күні жаратылыстану-география факультетінде Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күніне орай «Тіл-татулық тірегі» атты мерекелік шара өткізілген болатын.

Бұл мерекелік шараның басты мақсаты- жас ұрпақты ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған ана тілінің өресін әлемнің бай тілдері сатысына көтеру арқылы білімдерін шыңдау және тіліне, халқына деген сүйіспеншілігін арттыру; өз



Кеше – бұл тарих,
Ертеңгі күн – құпия,
Ал, бүгінгі күн – бұл сый.
Омар Хайям

Тіл-татулық тірегі

Мерекелік шара тақырыбымызға байланысты видеороликпен ашылған болатын. Қазақ тілі- арман мен мұңның, қайғы мен

кандидаты Сүлейменова Гүлнар Науханқызы, «Мемлекеттік тіл- Қазақстанды біріктіретін тіл» атты тақырыпта 100 сөзден құралған тілектер байқауын қорытындылауға жаратылыстану-география факультетінің студенттік деканы Қонысбаев Абылай құттықтау сөз сөйлеп, кешті қорытындылады. Тәуелсіз елдің ертеңгі ұрпағы өз тілінің жанашыры ғана емес, кез-келген ортада, ғылымның қай саласын меңгерсе де ең алдымен өз ана тілінде ойлап, өз ана тілінде сөйлей алатын, пікір сайыстыра алатын өзіндік «мені» бар тұлға болуы керек дегендей, біздің факультетіміздің де өнерлі қырандары: Сунгатова Шаттық, Қанатқалиева Гүлдана, Нұржанова Римма өз өнерлерін көрсетті. Елбасының ана тілі туралы: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған- оның ғажайып тілі» дегендей,

Өткірдің жүзі,
Кестенің ізі

Өрнегін сендей сала алмас, - деп дана Абай айтқандай, кестелеп өріп, өрнектеп, өлмейтін, өшпейтін ғажайыптар тудырған сұлу да бай тілімізді шөкірт бойына сіңіруге баршамыз өз үлесімізді қосайық!

Р.ҚҰБАЙДУЛЛИНА,
биология мамандығының III курс студенті,
Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері



ұлтымыздың мәртебесін биік, ана тілімізде таза сөйлеуге және баба рухынан, тілінен нәр алып, сусындап өсуіне тәрбиелеу; ана тілін дамытуға, таза сөйлеуге баулу, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру; ана тілінің өміршеңдігін, қоғамдағы рөлін арттыру; халқымыздың салтын, әдет-ғұрпын құрметтеп, жан-жақты дамыту.

қуаныштың, сүйу мен күйудің, іңкәрлік пен құштарлықтың, сағыныштың бар қуатын өзіне дарытқан нұрлы тіл.

Апталық аясында оздырылған «Тіл-ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі» атты қаламгерлер байқауын қорытындылауға жаратылыстану-география факультетінің деканы, экономика ғылымдарының

Тұғырлы тәуелсіздік алғанымызға да 25 жыл! Осы жылдар ішінде еліміз есін жиып, өзге елдермен иығын теңестіруде. Қаншама бұлыңғыр бұлтты күндерді артқа тастап, аяққа тұрды. Осыған орай, 18 қыркүйекте жаратылыстану-география факультетінде «Арман! Еңбек! Сенім!» атты спартакиада болып өтті.

Спартакиаданың мақсаты-факультеттеріміздің студенттерінің басын біріктіріп, достықтарын нығайтып, 1-курс студенттері жоғары курс студенттерімен таныстыру. Онда түрлі тренингтер мен эстафеталық ойындар ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Алло, біз таланттарды іздейміз» атты өнер сайысы өтті. Осы сайыс кезінде 1-курс студенттері берілген аз уақыт ішінде барлық өнерлерін ортаға салып, жайдарман-шылар өздерінің қалжыңдарымен бөлісіп, өзін өзімен де кеңде емес екендерін көрсетті. Жас әншілеріміз әуезді әнмен әрлеп, кешімізді одан әрі жандыра түсті. Демалысымыз өз мәресіне жетіп, 1-курс студенттері ұйымдастырушыларға өз лебіздерін білдірді.

Мулдаханов Мұрат: Бүгінгі ұйымдастырылған шара керемет өтті. Белсенділер жиналып, бір-бірімізбен жақын араласып, қызықты ойындар, шаралар ұйымдастырылды. Алдағы уақытта осындай қызықты шаралар ұйымдастырылып тұрса екен.



"АРМАН! ЕҢБЕК! СЕҢІМ!"

Қайрбаева Гүлсезім Алпамысовна: Бұл болып өткен шараға мен ұйымдастырушы ретінде қатыстым. Атаулы шарадан алған әсерім өте жақсы. Бұл мен үшін жаңа достарыммен танысуға бірден-бір қаланған көпір болды. Өртүрлі қызықты тренингтер, ойындар ойнатылған бұл шара жоғарғы деңгейде болып өтті. Осындай кереметтей көңіл сыйлаған ұйымдастырушыларға және жаратылыстану-география факультетінің ұжымына алғысым шексіз.

Ел ертеңі болашақ жастардың қолында. Ал сол жастарды жақсылыққа баулуда біздің, яғни, аға-буынның, қосар үлесі шексіз.

І.Қ.САҚЫПКЕРЕЕВА,
4-курс студенті, Н.Ә.Назарбаев атындағы степендия иегері



Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік және «Тарлан» сыйлығының иегері, ақын Қадыр Мырза Әлі атындағы Мәдениет және өнер ғимаратында 16 қыркүйек күні Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен мәдениет пен өнер саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясында «Қазақстан табиғаты Ресейліктер көзімен» атты Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында ерекше суреттер көрмесі өткізілді.

Қазақстан табиғаты Ресейліктер көзімен

Бұл көрменің ерекшелігі- суреттер кәсіби маманның емес, биолог-эколог ғалымдардың қолынан шыққан.



Ресейліктер түсірген суретте түрлі тіршілік иелерінің өмір үшін күресі, қызыл арай таңның атуы мен күннің батуы, Батыс Қазақстанның әсем табиғаты сәтті бейнеленген.

Әуесқой фотосуретші, Самара зоопаркі директорының орынбасары Александр Кузовенко: - Қазақстан табиғаты өзінің әсемдігімен қатты тамсандырды. Қазақстан табиғатында адам аяғы баспаған жерлер көп. Мәселен, Ресеймен салыстырғанда адам қолымен бұзылмаған табиғи орта-деп өз бағасын берген.

Бұл көрмеге Александр Кузовенконың 50 шақты суреті қойылды.

- Оңтайлы сәтті пайдаланып, ұтымды кадр түсіру үшін қыруар уақыт керек. Көп уақыт жұмсалған суреттеріміз өзіме ыстық. Ең бастысы- табиғаттың қайталанбайтын сәтін қолдан жіберіп алмау»- дейді Александр.

Бұл көрмеге Ресейлік биологтармен қатар, Қазақстан фотографтарының да туындылары қойылған. Сөні мен салтанаты жарасқан көрмені біздің факультетімізден алғашқылардың бірі болып биология мамандығының 01304-тобы тамашалап қайтты. Олар өз мамандықтары бойынша жан-жануарлар мен өсімдіктер көрмесіне қатысып, өздерін қызықтырған сұрақтарға толық әрі ұтымды жауаптар алды.

- Маған көрме қатты ұнады. Көптеген жан-жануарлар, жөндіктерді көрдік. Бұл көрмеден көп мағлұмат алдым. Алдағы уақытта мен де фотограф болғым келеді. Табиғатты және әр түрлі жануарларды суретке түсіргім келеді, -дейді оқушы Альбина Қажғалиева.

Байтақ еліміздің беймәлім беттерін ашқан көрме 1 ай бойы жалғасады.

Р.ҚҰБАЙДУЛЛИНА,
биология мамандығының III курс студенті, Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері,
Г.ҚОШАН,
химия мамандығының III курс студенті

«Болашақ» болашаққа шақырады

Болашақ бағдарламасы елімізде 1998 жылдан бастау алады. Еліміз білім бәсекесінде алдыңғы қатарлы алпауыт мемлекеттердің әдіснамалық стратегияларынан мол тағылымдама алу үшін және жастарды білім шыңына жеткізу үшін аталмыш бағдарламаны енгізді. Бұл орайда елімізге түсетін пайда көзі кем емес. Себебі шет елдің грантына ие болып, тегін білім алу деген ол елімізге инвестиция және сапалы білім болып табылады. Алтыншы қыркүйек күні университетімізге «Болашақ» орталығынан арнайы мәлімет беру үшін көптеген тұлғалар келді. Сонымен қатар облыс әкімі Көлгінов Алтай Сүйдірұлы да сөз сөйлеп, жастарды білімге шақырды. Қазіргі таңда Батыс Қазақстанда 177 маман болашақ бойынша шет елден білім алып келіп, өз еліне үлестерін қосып жатыр. Бұл конкурсқа кез-келген бакалавр қатыса алады. Ең алдымен жоғары оқу орнының дипломы, ондағы GPI көрсеткіші 3,67 балл жиынтығынан жоғары болуы шарт. аталмыш 4 этаптан өтуі міндеттеледі. Ең алдымен, ана тілін білуі туралы сынақтама жүргізіледі. Кейін психотест, яғни психологиялық санасын тексереді. Өрмен қарай ағылшын тілін білу көрсеткіші тексеріледі және төлқұжаттың дұрыстығы қаралады. Магистратура, аспирантура, докторантура, Ph жүйесіндегі тағылымдама арқылы академиялық білім базаңызды кеңейте аласыз. Бұл үшін өрине ең алдымен, баратын мамандығыңызды нақты айқындап, сол бағытта әзірленесіз. Инженерлік бағыттағы білім алушыларға ағылшын тілін білу аса қатты маңызды емес. Себебі оларға арнайы орыс тіліндегі аудармашылар қызмет көрсетеді. Ал қалған педагогикалық, техникалық, аграрлық мамандықтарға ағылшын тілін білу міндеттеледі. www.bolashak.gov.kz сайты арқылы мол мағлұмат ала аласыздар. Бұл туралы жалпы мәліметтерді кез келген әлеуметтік желіден де оқи аласыздар.



Еліміздің мүддесіне саналы білім қосу үшін, өзге елдің білім беру тактикасын, әдістемесін неге үйреніп алмасқа? Өрине білгеннің айыбы жоқ, үйренгеннің кінәсы жоқ. Сол үшін де еліміздің болашағы үшін «Болашақ» бағдарламасы арқылы білім көкжиегімізді кеңейтейік. Еліміздің жастар барда, ертеңіміз дейтін нұсқаушылар табылар. Тәуелсіздігіміз жасай берсін!

Аида ХАСАНОВА,
06301-топ студенті



Пушкин в нашей жизни

22 қыркүйек тіл мерекесіне орай СПМ – 11 мамандығының 1 курс студенттері «Пушкин в нашей жизни» атты ашық тәрбие сағатын өткізді.



Пушкиннің өмірнамалық баяндамасын көрермен қауымға толық жеткізе білді. Трагедиялық қойылымды шынайы жеткізе білген студенттер табиғи образға ене білді. Пушкин рөлінде ойнаған Мансурова Альбина, Дантес: Абдиқаримова Гульназ, Константиннің досы болып ойнаған Муратова Арайлым, жұбайы рөлін сомдаған Наталья Николаевна, Дацанова Айнель, Дантеснің досы болып ойнаған Сугралиева Алтынгүл, үй қызметшілері болып сомдағандар Есмырза Лена, Жолбай Іңкәр, слайд дайындаған Негметова Айдана. Осындай тамаша әдеби кешті ұйымдастырған оқытушы Шукурова Гульнара Сағынтаевна. Үш тұғырлы тіліміз кең қанат жая берсін, жастарымыздың рухы биік болсын...

Гүлжанат МОЛДАХМЕТ,
06301 топ басшысы

Дипломды жастар қайда жүр?

Университет қабырғасында жоғары білім алған жастар дипломдарын алып, өмір ағысының бір қалпына түседі. Ал сол түлектеріміз бүгінгі таңда қайда, қандай қызмет атқарып жүр? Иә, жоғары оқу орнын тәмамдаған маман үшін екі қолға бір күрек табу қиын шаруа емес. Университет қабырғасынан ұзап, бір-бір қызметтің майталманы болып жүргендер қаншама?!
Адам өмірінде азық болатын бір нәрсе бар. Ол – білім. Сол білімнің жемісін көретін сәт – адал тапқан нәпақа. 2015-2016 оқу жылында тәмамдаған түлектердің кейбіреуімен сұхбат жүргізіп, студенттік шақтарын еске алғызып, ой өрбіттік. Университетіміздің жетпіс бес пайыз түлегі өз мамандықтары бойынша қызмет жасап жүр. Ал бес пайызы магистратурада білімдерін жоғарлату үстінде. Ал қалғандары өз кәсіптерінен немесе басқалай бағытта қызмет атқарып

жүр. Осы орайда магистратурада өрмен қарай білім көрсеткішін жалғаған азаматтар мен азаматшалармен кездесу сұхбатын алған болатынмын. Солардың бірі Даулетова Асел «Бастауышта оқытудың әдістемесі мен теориясы» мамандығын 1-курс магистранты. Ол бакалавр мамандығын қызыл дипломмен аяқтап, Н.Назарбаев атындағы атаулы шәкіратқының иегері атанып, мемлекеттік магистратураның грантын жеңіп алды. Қазіргі таңда ол ғылыми ізденіс жұмыстар үстінде. Білім кемесін тоқтатпаған Аселдің бойынан ғылымға деген ерекше қызығушылық байқалады. Сапалы педагог болып, жастарды білім, ғылым, инновация жағына баулығым келеді», - деді сөз кезегінде. Ал келесі магистрантымыз - Ханатов Талғат. Бакалавр мамандығын 2015 жылы «Есеп және аудит» мамандығы бойынша тәмамдап, магистратурасын

Инженерлік және технологиялық Еуразия университетінде жалғастырған. Университет қабырғасында бакалавр мамандығын қызыл дипломмен тәмамдағаны маманының қас шебері деп атауға болады. Біліммен қатар «СВ плюс» компаниясында бухгалтерлік қызметін атқарған. Ал қазіргі таңда мемлекеттік қызметті облыстық әкімшілік бөлімде атқаруға кірісіп кеткен. Магистратура мен қызметті қатар алып жүрген Талғат сөз кезегін былай деп жалғайды. «Нарықтық, экономикада уақыт тапшы, ғылым мен инновацияда жүйелі ой тапшы. Ал мен үшін ғылым мен қызметті қатар алып жүрген мүлдем қиындық тудырмайды. Себебі жалындап тұрған жас кезімізде бір ойымыз ғылымда, болғаны абзал. Мен елімнің патриот азаматы ретінде Махамбеттей университеттің есімін асқақтатып жүрмін және сол университеттің арқасында сапалы білім алып, заманауи тұрғыда бәсекеге қабілетті жастардың қатарынан көріндім. Студент шағымдада белсенділердің қатарынан көріндім. ғылыми жобалардың авторы атандым. Есесіне бұл жобалар мені өмірде шыңдай түсті. Соның жемісін енді көріп жүрмін. Оқытушылар қауымына шексіз басымды иемін. Себебі білім нәрімен қанықтырып, қызыл диплом алуыма себепкер болды. Міне, мәуелі ағаш көгеріп жемісін беру үстінде. Шәкіртінің тұлға қатарына қосылып, маман болып кетуі оқытушы үшін үлкен мәртебе. Сол мәртебелеріңізге дақ түспесін»-деді. Иә, шынымен – ақ сапалы білімнің жемісін қызмет саласында көріп жүрген жастар аз емес. Оған дәлел педагогика факультетінің түлектері мемлекеттік қызметке тұрып, өз білімдерін дәлелдеп жүр. Егемендігіміздің «мен, мен» деген жастары барда болашағымыз кемелді болары сөзсіз. Уақыттың қадірін бағалай білейік, студент жас!



Алтынай ДЖАКАСОВА,
ДОВ-21 топ студенті

«Жайық Жауһары» айдарының
редакторы Аида Хасанова

Сен де бір кірпіш дүниеге...

Міне, тағы бір қоңырау сыңғыры сыңғырлап, жаңа студенттермен толықты. Біздің мамандық ең алғаш рет 2014 жылы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» болып ашылды. Қазіргі таңда ол студенттер үшінші курс студенттері. Олардың құрамында 14 студент сапалы біліммен қанығып, 8 серпіндік және 6 студент ақылы бөлімде білім алып жатыр. Ал 2-курсның құрамында 22 студент білім нәрімен қанығып жатырса, ал биыл ғана 1-курс атанған 11 студент университетіміздің киелі табалдырығын аттады.

Осыған орай 2,3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Сен де бір кірпіш дүниеге...» атты ашық тәрбие сағаты оздырылды. Мұндағы мақсатымыз 1 курс студенттерді белсенділікке шақырып, университет тынысымен таңыстыру болып табылады. Аға-буын өкілі ретінде 3-курс студенті Аида Хасанова кештің әдемі сценарийін құрастырды. 1,2 кураторлары Құлдашева Н.У. және Гайпназарова Б.Ж. өз лебіздерін төкті. Кеш барысында қызықты да әдемі таңыстыру болып өтті. Өрмен қарай 1-курстар өз-өздерін жеке-жеке таңыстырып, кейін көңілді тренингпен өз жалғасын тапты. «Үлкенге қарап бой түзер, ақылдыға қарап – ой түзер» дегендей, үлкенді-кішілі болып біліп-білмегендерімізді атап өттік. Соның ішінде университет қабырғасында алар мұрамыз мол және сол мұраға да өз септігімізді тигізуіміз қажет. Көркем мінезбен, жақсы қылықпен таңылған 1-курс студенттері біз үшін сіңілідей болып кетті. Алар асуларың биік болғай!



Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)

№8, қыркүйек, 2016 жыл

Сәті түскен сұхбат

Ұстаздардың ұстазы

Ардагер ұстаз Меруерт Жолдықайырқызымен диалог мезеті

- Қадірлі Меруерт Жолдықайырқызы, кафедраның анасы атанған ардагер ұстаз, білім ошағының майталманы саналар мерейлі мұғалім, шәкірттерін шыңға шығарған парасатты педагогсиз. Қазақ филологиясында атыңыз алтын әріппен қалатындай мамандығыңызға деген махаббат қалай оянды?

- Менің кішкентай күнімде Жәрдем Тілеков деген нағашы ағам болды. Досы Сайын атты ақын екеуі жырға құмар еді. Қазақ әдебиетіндегі жыраулардың шығармаларын жатқа білетін. Таңның атысынан кештің батысына шейін жыр оқуға жалықпайтын. Сүйсіне тыңдайтынбыз. Ол кезде радио да, патефон да (күйтабақ) жоқ. Ауызша өлең үлгісіне құлағымыз қанатын. Сынып жетекші Ерғалиев сынды ұстазымының өзі өлеңді ерекше сүйетін жан болатын. Әсіресе, Махамбеттің өлеңдерін бізге жатқа айтып беретін. Осындай тұлғаларға қарап, әдебиетке айрықша ықылас таныттым. Жалпы, барлық пәнді жақсы көрдім. Поэзияға қызығушылығым ерекше болды. Сабақ берген ұстаздарымыз да мамандығын мақтанш санаған, өз пәндерін жетік меңгерген жандар еді. Солардың үлгі-өнегесі осы салаға көңілімді аударды.

- Бала Меруерттен дана Меруертке айналуыңыздың сыры неде?

- Дана Меруерт деңгейіне жетті деу асыра айтқандық болар (күлді). Бала кезіме шолу жасасам, ерке өрі елгезек, есті боп өстім деп айта аламын. Ата-анамның отбасында алғашында сәбилері шетінеп кете берген екен. Нағашыларымын бала асырап алып, кейін менің төбем де көрініпті. Жалғыз болғаннан соң, ер бала сынды тәрбиеледі. Тентектігім де бар еді. Әке-шешем мен әжемнен айрылған соң, нағашы апамның қолында болдым. Обалы не керек, барын маған берді, ештеңесін аямады. Әке-шешесі бар қыздар небір әдеміні киіп келетін. Өзгенің қыздарынан қай жерім кем, толыққанды отбасыдан шыққан балалардай болуым керек деп, үздік оқуға бар күшімді салдым. Оқудан тыс қоғамдық жұмыстарға қатыстым. Белсенді студент атандым, аға пионер вожатый да болдым. Бюро, пленум мүшесі боп сайландым. Қай жерде болмасын, момындық танытпайтынмын. Біздің кезімізде әр оқушы кіршіксіз жауапкершілік қасиетін имандай сақтайтын. Сабақтан қалмау, барлық шараға қатысу, әр іске жұмыла кірісу бізге тән болатын. Ілім-ғылымға құштар ететін комсомол, пионер ұйымдары болатын, солардың әсері де шығар. Жан-жақтылыққа тәрбиелендік.

- Мұғалім – қоғамның іргетасын қалаушы, болашақты қалыптастыруға ықпалы зор жан. Озық ойлы оқушы, санасы жоғары студент баулушы осы бір маман иесіне қандай қасиеттер керек деп ойлайсыз?

- Ең алдымен, адамды жақсы көруі керек. Баланы жақсы көрмеген адам педагог бола алмайды. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, киім-киісі, берген білімінің барлығы шәкіртіне әсер етеді. Бірде тәжірибеден өтіп жүрген студентімнің құлағында салпылдаған сырға, қолында жалтыраған жүзік барын байқадым. «Мынаны тез шеш!» деп бұйырдым. «Неге, апай? Анама әрең алғызып алған ешекейлерім еді» деп, өтінішін айта бастады. Сабақ беру барысында оған оқушының назары ауады да, түсіндірмек болған сабағы тыңдалмайды. Ұстаз болам деген адамның бойында артық нәрсе болмауы керек. Тиянақтылық, жинақылық, оған қоса көркем мінез маңызды. Елдің ертеңін қалыптастыру оп-оңай шаруа емес. Сондықтан, төңірегіңе өнеге боларлықтай дәрежеде болғанға не жетсін!



- Бүгінгі таңда балалардың басқаша қабылдауы айтылып, зейінінің өзгешелігіне қарай оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері ұсынылуда. Сіздің кезіңіздегі оқыту жүйесінен қазіргінің амалы бөлектеу екені белгілі. Осы тұсқа көзқарасыңыз.

- Мен ХХ ғасырда туып, білім алып, жұмыс жасаған адаммын. Орыс әдебиеті үшін «алтын ғасыр» деп ХІХ ғасырды айтса, қазақ үшін қазақ әдебиеті гүлденген кез ХХ ғасыр деп айтар едім. Қазіргі ХХІ ғасыр жаңалықтарға толы. Жаңару әрбір күн сайын орын алуда. Ақнайзаның ұшымен, ақ білектің күшімен келген еркіндіктен басқа жеткен жетістік бізде көп. Лайым солай болғай! Дегенмен кемшіліктер де жоқ емес. Ана ғасыр жаман, мына ғасыр жақсы деп уақытқа кінә артуға болмайды. Осы заман адам баласының қолымен жасалуда. Оқыту әдісіне келетін болсақ, мен өзім әдістемеден сабақ бердім. Болашақ мұғалім тәрбиелеп жүргеннен кейін, әр нәрсені көзден таса қылмауға тырыстық. Теориясын жетілдіре практика жүзінде жоғары деңгейде іске асыруға талап қойдық. Берілген тапсырмаларды үш қайтара тексеретінбіз. Оқушыларым «қаталсыз» деп маған ренжитін, кейін рахметін жаудыруда. Келешектің тізгінін ұстар ұстаздарды жетілдіру біздің қолымызда болғандықтан, оқушының бойындағы әр ұсақ-түйекке назар аудардық. Біз балада бұрыс нәрсе орын алса, ескерту айтып немесе ұрысуға үйірміз. Жалпы, ең ақылды халық – еврейлер. Олар балаға ешқашан жаман сөз айтпайды, яғни көңілін түсіретіндей нәрсеге жол бермейді. Бір нәрсені қате жазса, «иә, сенікі дұрыс» дей келе, «бірақ осылай да қолданып көр» деген тәсілмен оқытады. Аудиторияға кірген кезде оқушының көзінен бәрі сезіліп тұрады. Кімнің дайын немесе дайын еместігін байқайсың. Педагог болғаннан кейін баланың психологиясын біліп тұруың керек. Бала әр түрлі болады ғой, тұйығы бар, ашығы бар. Ақын Ғафу Қайырбековтың: «Ұстаз болу – жүректің батырлығы, Ұстаз болу – сезімнің ақындығы, Ұстаз болу – мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның алтындығы», - деген өлеңінен ұстазға жүктелер міндет көрініп тұр. Басқа түскеннің бабын тауып, ой-пайымы биік көрінер тұлғаны қалыптастыру міндеттеледі. Біз совет адамы компьютер, техника дегенді түсіне бермейміз. Ол нәрселердің беріп жатқаны да шамалы, бағынышты болып қалмау керек. Өмірге сағат сайын өзгеріс енуде. Сондықтан өлі де алуан әдістер шығуы мүмкін. Заманға сай амалдап жұмысқа кірісуге тура келеді.

- Әбунәсір Әл-Фараби айтпақшы, балаға білімнен бұрын тәрбие керек. Ана ретінде бала тәрбиелеуде қазіргі ата-аналарға айтарыңыз ...

- Кез-келген бала көрген, естігенінен үлгі алып өседі.

Учитель – вертуоз

Учитель – человек, который может делать трудные вещи легкими.

Ральф Эмерсон

Кто постигает новое, лелея старое,
Тот может быть учителем.

Конфуций

Педагог – человек, который лучше знает как воспитывать чужих детей, чем своих.

Жюльен де Фалкенаре

Если учитель имеет только любовь к делу, он будет хороший учитель. Если учитель имеет только любовь к ученику, как отец, мать, он будет лучше того учителя, который прочел все книги, но не имеет любви ни к делу, ни к ученикам. Если учитель соединяет в себе любовь к делу и к ученикам, он – совершенный учитель.

Лев Толстой

Учитель должен иметь максимум авторитета и минимум власти.

Томас Шай

Плохие ученики – не идут дальше учителя.

Джордж Джин Нейтан

Лучший учитель – не тот, кто в детях видит только детей, а кто сумел вовремя распознать в них взрослых.

Леонид Сухоруков

Ұл өкесіне, қыз шешесіне қарайды. Біздің дәуірімізде қызға қырық үйден тыйым деп, қатал қарады. Ата-анамнан ерте айырылып, апамның қолында қалғаным қарамастан, қоқу дегенге жол бермедім. Әр қадамым үшін сұранатынмын, өзге үйде қонып қалудың өзі көргенсіздікке жатқызылды. Белгілі бір тәртіпке бағындық, одан жаман болған жоқпыз. Мен өзім қыздарымды оқуда жетістікке жету жолында тәрбиеледім, тек сабақты оқуларын талап еттім. Ата-ана болғандықтан перзентіңнің парасат-пайымын дұрыс қалыптастырып, әр адымын қадағалауың керек. Өзің қателік жібермеуің тиіс, бала қамқоршысына қарап бой түзейді, ой түзейді.

- Қоғамда қарын аштырар тұстар не көңіліңіз толмайтын жайттар бар ма?

- Ойбу, қанатым-ай!.. Жалқау болып барамыз. «Дайын асқа тік қасық» болып біттік. Техника дамыды деп, қолдан келіп тұрған істен қашамыз. Әсіресе, келіндерге қатысты мәселе. Титтей қыздар аяқ астынан ана атанып қалып, іштен шыққандарын лақтырып кетіп жатыр. Масқара! «Балам» деп жаны ашитындардың қатары кеміп бара жатқандығы налытады. Әке тәлімі мен ана мейірімін көрмеген балалардың жетімдер үйінен шыққаннан кейінгі өміріне жаның ашиды. Өз орнын табуға үкімет тарапынан көмек болса деп тілейсің. Терроризм деген тағы шықты. Керемет қазақ қандастарымыз отбасын көшіріп екетті адасып. Жүректі ауыртар жайттар көп, айта берсең! Жаман ат жамылмайын деп амалсыз үнсіз қаласың. Байы болсын, кедейі болсын барлығының баратыны сол екі метр жер ғой. Өлшеулі өмірде бір-біріне жақсылық жасағанға не жетсін! Демеу болып, жағдайың жетіп тұрса, көмек көрсету қажет. Әсіресе, сол жаңағы сана-сезімі жетіліп, қалтасының жұқалығы мүмкіндігін шектеп отырған балаларға жәрдем жасау керек деп есептеймін. Кеңпейіл халықпыз деп бекер айтылмаған, заман ғой деп сылтауратпай қазақы қасиеттер жоғалмауы тиіс!

- Студенттерге тілегіңізді тыңдасақ...

- Алдымен керегі – он екі мүшенің саулығы. «Оқу инемен құдық қазғандай» деген жайдан-жай айтылмаған, ол оңай іс емес. Аңсағаныңа жету үшін денсаулықтың маңызы зор. Қай жерде жүрсендер де адамдық пен адалдықты естен шығармауларың тиіс. Ар, намыс деген қасиеттерді сақтау – парыз. Туған ел мен түлеп өскен жерді ұятқа қалдырмай, сені қалыптастырған, осы күнге жеткізген ата-ана мен ұстаздар қауымының абыройын арттыра түсуге тырысу керек. «Атаңа не жасасаң, алдыңа сол келеді» деген бар. Жаныңдағылармен жақсылық жасаудан жарысу керек.

- Ризашылығымды білдіре отырып, Сізді ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Ауырмаңыз, аман жүріңіз! Құнды уақытыңыз бөлінген нұрлы сұхбатыңызға рахмет, апай!

Сұхбаттасқан: Мәлдір ЛАТИФОВА,
02405-топ студенті («ФҚТ» мамандығы)

«Журналист» («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – Мәлдір Латифова («ФҚТ», 02405-топ). Кеңесшісі – А.С. Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі.



День учителя в ЗЖТУ

30 сентября состоялся концерт, посвященный Дню учителя, организованный воспитательным отделом, творческим коллективом факультета культуры и искусств, активистами студенческого самоуправления.

Ежегодный традиционный концерт собрал полный зал зрителей. Сменяя друг друга, преподаватели, закончив занятия, торопились в актовый зал получить порцию хорошего настроения и добрых пожеланий.

Главными гостями в этот день по праву были ветераны университета, десятилетия отдавшие делу обучения новых учителей. Меруерт-апай Жолдыкайырова, Халам Жумашевич Суйншалиев, Мария Максимовна Фартушина, Жалел Сырым, Махамбет Ержанов, Хисмет Исмагулов, Улдай Ержанова, Темиргали Кубашев, Хамида Ихсановна Кожабегенова, Мергали Кусаинов, Темиргали Кайыргалиев – они и многие другие, кто за долгие годы работы подготовили учителей для школ, вырастили настоящих профессионалов своего дела. Для каждого

из них нашел теплые слова в этот праздничный день ректор университета Асхат Салимович Имангалиев.

Открывая торжество, Асхат Салимович пожелал новых профессиональных свершений, здоровья и процветания. Он также вручил грамоты лучшим работникам университета.

Председатель профкома университета, руководитель Центра IT технологий Даурен Габдуллаев прочел со сцены стихи собственного сочинения, предварив, как всегда, оригинальным вступлением вручение ценных подарков отличившимся работникам.

В честь празднования Дня учителя был дан замечательный концерт, на котором ученики-студенты выступали вместе со своими наставниками-преподавателями, показав в действии преемственность поколений. И судя по реакции зрителей, ученики ни в чем не уступали своим наставникам!



Туристiк өмiр - жайдарлы көңiл

Тарих, экономика және құқық факультетiнiң ұйымдастыруымен Бүкiлөлемдiк туризм күнi аталып өтiлдi. Бүкiлөлемдiк туристiк ұйымдар Бас Ассамблеясының шешiмiмен жыл сайын 27 қыркүйекте аталып өту белгiленген. Бұл атаулы күндi 1979 жылы Испанияның Торремолинос қаласында бекiткен. Атаулы күн 1970 жылдың 27 қыркүйегiнде Бүкiлөлемдiк туристiк ұйым Жарғысының қабылдануына байланысты таңдалып алынған.

Соған орай, М.Өтемiсов атындағы БҚМУ-дың «Экономика және менеджмент» кафедрасының қ.проф. Сүлейменова Гүлнар Науханқызы, аға оқытушылар Акмалиева Арайлым Жұмагерейқызы және Таласпаева Акырыс Ержанқызы бастаған, туризм менеджерi мамандығының студенттерiмен бiрлесе «Туристiк өмiр - жайдарлы көңiл» атты iс-шара өткiзiлдi.

Сайыс «Самал» демалыс аймағында өттi.

Студенттер топ топқа бөлиніп, мерекелік іс-шараны сәлемдесумен бастады.

Өрi қарай болашақ туризм саласының мамандары арасында аспалы паром, параллель арқан, траверс, лабиринт, палатка құрудан жарысу сияқты эстафеталық ойындар ойнатылып, айналаға экскурсияға шықты.

Іс-шара өткiзудiң негiзгi мақсаты өңiрде экологиялық туризмдi дамыту арқылы жастардың денсаулығын сақтау, таза табиғат аясында

дем ала бiлудi нығайту, салауатты өмiр салтын қалыптастыру, табиғатты аялауға, қорғауға үйрету және ерекше қорғалатын табиғи аумаққа қоғамдық дұрыс көзқарас қалыптастыру болып табылады.

Бұл iс-шара концерттiк бағдарламарымен студенттердiң өнерлерiмен жалғасын тапты.

Соңында жеңiмпаздар, жүйрiктер, белсендi студенттер грамотамен және сыйлықтармен марапатталды. Осылайша, туризм саласының болашақ мамандары «Дүниежүзiлiк туризм күнiн» естен кетпестей ерекше атап өттi.

Жемiс МУЛДАХАНОВА,

Тарих, экономика және құқық факультетi туризм мамандығының 3-курс студентi



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемiсов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.
Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТИПШІЛЕР:

Ақсана ЖҰМАБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Ақзия Адиловна НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46